

27–30 Шілде, 2020

### KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ KASE Директорлар кеңесі Биржа Басқармасының Листингтік комиссиясының мүшелерін [бекітті](#).
- ▲ Листингтік ережелерге енгізілген түзетулер қолданысқа [енгізіледі](#).
- ▲ "Қазақстан Ипотекалық Компаниясы" Ипотекалық Ұйымы" ЖШС KZ2C00002160 (KZIKb25) облигациялары айналым мерзімі аяқталуына байланысты KASE ресми [тізімінен](#) және KASE\_VM\* [индикаторлар](#) сериясының өкілетті тізімінен шығарылды.
- ▲ Украина Қаржы миинстрлігінің XS2010033343 (UA\_02\_3001) халықаралық облигациялары KASE ресми тізімінің "Мемлекеттік бағалы қағаздар" санаты бойынша [енгізілді](#).
- ▲ "Ақпарттық оқу орталығы" АҚ мүшеліктен өз еркімен бас тартуына байланысты KASE мүшелігінен "қор" санаты бойынша [шығарылды](#).


### ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ▲ Қаржы министрлігі Қазақстан қор биржасында өзінің МЕККАМ-12 ([KZK100000241](#)) 148-ші шығарылымын жылдық 10,2897%-бен орналастырды, МЕУКАМ-144 ([KZKD00000261](#)) бірінші шығарылымын жылдық 10,5254%-бен орналастырды, МЕУКАМ-180 ([KZKD00000840](#)) 12-ші шығарылымын жылдық 10,5199%-бен орналастырды, МЕУКАМ-240 ([KZKD00000832](#)) төртінші шығарылымын жылдық 10,5162%-бен орналастырды, МЕУКАМ-180 (KZKD00000956) 14-ші шығарылымын жылдық 10,5199% -бен орналастыру арқылы 243,8 млрд теңге тартты.
- ▲ Қазақстан қор биржасында Шымкент қаласының әкімдігі өзінің KZSJ00000085 (SHK024\_008) екі жылдық облигацияларын орналастырып, 5,0 млрд теңге қаржы [тартты](#).
- ▲ "Қазақстан даму банкі" АҚ Қазақстан қор биржасында 30 шілдесінде KZ2C00006864 (BRKZb19) бес жылдық облигацияларын жылдық 11,80 % орналастырып, 50,0 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ "БАСТ" АҚ KASE сауда-саттық жүйесінде 15 103 KZ1C00001015 (BAST) жай акциясын 181,2 млн теңге сомасына [орналастырды](#).
- ▲ KASE "КазАгроҚаржы" АҚ өзінің KZ2C00006781 (KAFIb10) облигацияларын орналастырып, 2,0 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ KASE "Қазақстан тұрақтылық қоры" АҚ [KZ2C00006476](#) (BASPB7) облигациясын орналастыра отырып, жылдық өтеу кірістілігі 11,1499% бен және [KZ2C00006484](#) (BASPB8) облигациясын орналастыра отырып, өтеу кірістілігі 11,0000% бен, 10,6 млрд теңге тартты.
- ▲ "Шұбаркөл көмір" АҚ өзінің KZ1P00000137 (SHUKp) артықшылықты облигациялары бойынша 2019 жылға дивидендтер төлейтіні туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Казбургаз" АҚ артықшылықты акциялары бойынша 2019 жылға дивиденд төлеуді көздеп [отыр](#).
- ▲ "Кселл" АҚ 2020 жылдың қаңтар-маусым айларына қаржылық нәтижелері туралы [хабарлады](#).
- ▲ NOSTRUM OIL & GAS PLC Компаниясы өзінің 2020 жылдың екінші тоқсанына және бірінші жартыжылдығына қызметінің нәтижелері туралы [мәлімдеді](#).




KASE Индексі сауда-саттық аптасының қорытындысы бойынша 1,6% өсіп, 2 445,81 нүктені құрады, ол 2019 жылдың 16 сәуірінен бері ең жоғарғы нүкте болып табылады. Ең көп жасалған мәміле саны Халық Банктің акцияларымен жасалған мәміле болды – 538 мәміле. Kcell қағаздары сауда-саттықтың ең көп мөлшерін көрсетті – 169,7 млн теңге.

### KASE Индексінің акциялары



### Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



30.07.2020

Трендтер (%)

KASE Индексі	2 445,81	1,6	4,4
<b>Өтімділіктің бірінші сыныбы</b>	<b>Цена</b>	<b>Δ 7д</b>	<b>Δ 1м</b>
<b>KAZ Minerals</b>	2 914,0	4,6	30,0
<b>Народный банк</b>	116,8	1,5	-9,4
<b>Казахтелеком</b>	26 990,0	1,5	4,6
Bank of America Corporation	10 503,0	1,1	7,3
Сбербанк	1 275,1	1,0	6,0
<b>КазТрансОйл</b>	814,9	1,0	1,9
<b>НАК Казатомпром</b>	6 019,0	0,9	6,6
<b>Kcell</b>	2 530,0	0,6	-1,5
Freedom Holding Corp.	8 315,0	0,2	-2,2
<b>KEGOC</b>	1 710,0	0,0	-1,0
Казахтелеком, прив. акции	12 500,0	0,0	1,4
Банк ВТБ	0,2	0,0	4,8
<b>Банк ЦентрКредит</b>	230,0	-0,3	-2,2
Газпром	1 106,0	-2,3	-6,7
Аэрофлот	475,0	-6,5	1,4


Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген

Өкілетті тізімнің барлық акциялары осы аптада оң нәтижемен аяқталды. Индекстің негізгі өсім драйвері KAZ Minerals жай акциялары болды, олардың бағасы 4,6% өсіп, 2 913,99 теңгені құрады. Акциялар өсімінің негізгі триггері ретінде товарлық нарықта мыс баға белгілеулерін қалпына келтіру және ірі экспорт елдерде COVID-19 ситуациясының нашарлауына байланысты металл өндіру көлемін қысқарту болып табылады, сондай-ақ активтерге сұраным аясында алтын баға белгілеулері аясында тарихи максимум деңгейіне қол жеткізу болды. Сонымен қатар, соңғы мәліметтерге сәйкес, ҚХР экономикасы – әлемдегі мысты негізгі тұтынушысы ретінде – сарапшылардың болжамынан тезірек қалпына келтірілуде, ол мыстың баға белгілеу драйвері қызметін атқарады. Сонымен қатар, АҚШ долларына қатысты теңгенің әлсіреуі қағаздың баға белгілеуіне оң әсер етуде, өйткені компанияның кірістер құрылымында валюталық шарттар басым, ал шығындардың басым бөлігі ұлттық валютамен жүргізіледі. Осы аптада 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында KAZ Minerals PLC 153,8 мың тонна мыс өндірді, ол 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4% артық. 2020 жылдың қаңтар-шілде айларында алтын өндірісі 25% артып, 109,7 мың унцияны құрады. Компанияның баспасөз хабарламасында, сондай-ақ COVID-19 осы уақытқа дейін өнімді өндіру және сатуда қандай да бір кідірістер болған жоқ. Жыл басынан бері, COMEX тауар биржасында мыс пен алтынның құны 4% және 28% өсіп, осы жылдың минимумына қарағанда 38% және сәйкесінше 32% құрады.




Мерзімі бір күндік мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі бір аптада 71 б.н. дейін артып, жылыдқ 8,41% құрады. Дүйсенбі күні, TONIA мәні жылдық 7,61% құрады, ол 2015 жылдың 13 сәуірінен бастап, минималды мәні болып табылатындығын ескертеміз. АҚШ долларының кепілдігімен теңгені қарыз алу мөлшерлемесі 70 б.н. дейін өсіп, жылыдқ 7,41 құрады. Осы аптада теңгенің орташа өтімділігі көлемі 234,4 млрд теңгені құрады, ол өткен аптадағы сәйкес көрсеткіштен 9,6% аз.


### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



### Основные параметры размещения нот НБРК



### Тәуекелсіз қысық кірістілігі






Апта қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына қарағанда 3,91 теңгеге әлсіреп, 418,00 теңгені құрады. Сауда-саттықтың жиынтық көлемі \$480,3 млн құрады, ол өткен аптадағы ұқсас көрсеткіштен 18% артық.

Ресей рубілінің АҚШ долларына қатысты әлсіреуі салдарынан, апта қорытындысы бойынша теңге де АҚШ доллары, еуро және қытай юаніне қатысты сәйкесінше 0,9%, 3,1% және 1,3% позициясын жоғалтты. Алайда, ұлттық валюта ресей рубліне қатысты 1,2% нығайды. Ресей валютасы Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 15:00 – де Мәскеу биржасында америкалық долларға қатысты 2,4% дейін арзандап, 73,44 рубльді құрады. РФ салық кезеңінің аяқталуы және инвесторлардың шет елдік валютаға дивидендті айырбастауы жағымсыз фактор болып табылады, ол осы айдың аяғында экспорттық түсім ұсынымдарының төмендеуіне алып келді. Сонымен қатар, Brent маркалы мұнайының қазан айындағы фьючерсі Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 15:00 – де бір баррельге \$43,56 саудаланды, ол алдыңғы жұма күнгі бағадан 0,5% жоғары. Мұнай АҚШ-тағы Америка мұнай институтының мұнай қоры бойынша апта сайынғы мәліметтерін жариялау аясында өсіп отыр, соның мәліметтеріне сүйенсек, 24 шілдеге аяқталған, АҚШ-тағы қара алтын қоры бір аптада 6,8 млн баррельге азайып, 531 млн. құрады. Мұнай баға белгілеулерінің өсуі бір апта бойы COVID-19 жұқтырғандар жөнінде қайғылы статистиканы ұстап тұрды.

Ресей рублінің құны 0,07 теңгеге дейін төмендеп, 5,73 теңгені құрады. Еуро теңгеге қарағанда 14,80 теңгеге дейін қымбаттап, 490,30 теңгені құрады. Қытай юані теңгеге қатысты 0,74 теңгеге қымбаттап, 59,72 теңгені құрады.


### Шет ел валюталарының бағамы динамикасы

Δ %, база (01.01.18)



### Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	
S&P 500	3 246,22	1,0	4,7	8,9	0,7
Dow Jones	26 313,65	-0,6	1,9	-2,0	-1,2
PTC	1 232,35	-1,9	1,6	-9,4	-2,2
MMBБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	-2,2
Hang Seng	24 710,59	0,0	1,2	-11,0	-2,4
SS CSI 300	4 656,15	3,3	11,8	21,4	-1,0
Euro Stoxx 50	3 208,20	-3,1	-0,8	-7,5	-5,2
FTSEuroFirst	3 567,50	-2,9	-2,1	-14,6	-4,2
FTSE 100	5 989,99	-2,2	-2,9	-21,0	-3,9
KASE	2 445,81	1,6	4,4	7,6	

Шикізат нарығы

30.07.2020

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай	42,94	-0,9	4,3	-34,1
Табиғи газ	39,92	-3,3	1,7	-31,9
Мыс	1,83	1,2	4,5	-18,1
Темір	291,40	1,1	7,4	9,3
Алтын	875,00	0,6	11,0	-10,0
Күміс	1 949,58	2,5	9,3	37,9
Астық	23,36	2,4	26,0	42,4
	529,50	-1,9	8,1	8,7

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

		Валюта	Болжам	Алдыңғы
03.08	Германияның өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (шілде)	EUR	50,0	45,2
03.08	Ұлыбританиядағы өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (шілде)	GBP	53,6	50,1
03.08	АҚШ-тағы өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (шілде)	USD	0,25%	0,25%
05.08	АҚШ-тағы шикі мұнай қоры	USD	0,357M	-10,612M
06.08	Пайыздық мөлшерлеме бойынша Ағылшын Банкінің шешімі (шілде)		0,1%	0,1%
07.08	АҚШ-тағы жұмыссыздық деңгейі (шілде)	USD	10,5%	11,1%
03.08	Германияның өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (шілде)	EUR	50,0	45,2

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард  
М – миллион  
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Жыл басына
Жылдық инфляция	7,0%	01.07.20	5,3 %
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	31 561	01.06.20	30 927
Қаржы базасы, млрд KZT	8 428,3	01.06.20	5 995,7
Қаржы массасы, млрд KZT	22 438,2	01.06.20	20 813,4

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-тұрақты	10.09.18	BBB-тұрақты
	Вaa3 тұрақты	26.07.17	Вaa3 -тұрақты
	BBB тұрақты	28.09.18	BBB тұрақты



## "Қазақстан қор биржасы" АҚ

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы,  
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ  
"Almaty Towers"

**Тел.:** 8 (727) 237 53 00



**Корпоративтік веб-сайт**



**Бізбен байланысыңыз**



**Листингілік компаниялардың  
корпоративтік оқиғалар  
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.